

Алматы қаласы, Білім басқармасы, мемлекеттік мекемесінің

«№156 бөбекжай - балабақшасы»

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**«№156 БӨБЕКЖАЙ - БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ»
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДАН ӨТУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
2023 – 2024 оқу жылдары**

МАЗМҰНЫ

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарға сәйкестігі
3. Білім беру қызметін жүзеге асыру
 - оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
 - физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық- зерттеу іс әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру;
 - тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
4. Пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру
5. Мамандық бойынша білімі бар педагогтердің үлесі
6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау
7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері
- 8.. 2023-2024 оқу жылында Физикалық қасиеттерін дамыту,Коммуникативтік дағдыларын дамыту,танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту,шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту,әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады
9. Тәрбиеленушілердің даму мониторингі
- 10.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар
11. Педагогикалық ұжымның жұмысына ата-аналардың жауап берген сауалнамаларының талдауы
- 12.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
- 13.Өзіндік бағалау нәтижелерін қорытындылау

**«Алматы қаласы Білім басқармасының «№156 бөбекжай –
балабақшасының»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
өзіндік бағалау нәтижесінің қорытындысы**

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

1). Білім беру ұйымының толық атауы:

Құрылтайшысы: Алматы қаласының Білім басқармасы

Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы: Алматы Білім басқармасы.

Салынған жылы – 1984 жыл

Жоба қуаттылығы (орын) -232

Ғимарат 2 қабатты.

Күрделі жөндеуден өткізіп, қолданысқа берілген жылы – 2006жыл

Жалпы алаңы – 3485.0м

Жер көлемі – 0.7601га

Бөлмелердің саны – 42

Оқыту тілі : Мемлекеттік қазақ тілі

Мектепке дейінгі ұйымның аттесттатаудан өткен жылы– 2023жыл

Жұмыс ұзақтығы – 5 күндік, 10,5 сағат.

Балабақшадағы топ саны -10 топ , оның ішінде (1 арнайы топ,)

Тәрбиеленушілер саны –232 .

2). Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жері): индекс: 050010 Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ш.Қалдаяков көшесі, №72 үй

3). Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық поштасы, web-сайт, Instagram, Facebook):

Телефон, факс - –87272918961

Электрондық поштасы: medeo.156@mail.ru

web-сайт: 156.almatybala.kz

Instagram: [156 baladaksha](https://www.instagram.com/156_baladaksha)

Facebook: жоқ

4). Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты-жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы): басшы Жунусова Карлыга Асанкуловна. Алматы қаласы, Медеу ауданы Білім бөлімінің Бұйрық №120.22.09.2022ж тағайындалған, байланыс телефоны **87081762395**

5). Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

1. Жарғы, БИН.061140005790 тіркелген күні 28.02.2002 жыл, Алматы қаласы Өкімдігінің 09.12.2008 жылғы №6/950 қаулысымен бекітілді

6) Рұқсат беру құжаттары:

1. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі, кадастрлық нөмірі № 20-315-012-295

2. Техникалық паспорт.(Н-2)

Кадастрлық №20:315:012;295:1: Түгендеу №7/1282

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы № KZ75RVK0003890 хабарлама 17.08.2015ж ылы берілген.

«№156 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында өзіндік бағалауды 2023 жылдың желтоқсан айында өткізді. «Алматы қаласының Білім басқармасының Медеу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №156 бөбекжай-балабақшасы

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ш.Қалдаяқов, 72 үй. мекен-жайында орналасқан.

Бөбекжай-балабақшасы 2006 жылдың қараша айынан бастап жұмыс істейді. Жоба қуаттылығы 250 орын. Алматы қаласы Әкімдігінің 09.12.2008 жылғы №6/950 бұйрығымен бекітілген **Жарғысы** негізінде жұмыс істейді. Жұмыс уақыты 5 күндік: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері 10,5 сағат 07.30-дан 18:00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. 10 топ жұмыс жасайды: оның ішінде бір топ арнайы топ

«Жұлдыздар» кіші топ 2 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде
«Ер Төстік» ортаңғы топ 3 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде
«Қарлығаш» ортаңғы топ 3 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде;
«Тұлпар» ересек топ 3 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде
«Сұңқар» ересек топ 4 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде;
«Қошақан» ересек топ 4 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде;
«Балапан» мектепалды топ 5 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде;
«Балдырған» мектепалды тобы 5 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде;
«Ақбота» мектепалды тобы 5 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде
«Бәйшешек» арнайы ересек тобы 4 жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде

Міндеттері:

1 Физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық-зерттеу іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру

2.Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту

Көрсетілген құжаттарды талдай және зерттей отырып, сыртқы бақылау арқылы балабақша қызметін бақылау төмендегідей жағдайды көрсетті: бөбекжай-балабақшасының оқу – тәрбие объектілері санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сәйкес барлық параметр бойынша қоршалған, ойын алаңдары балалардың жас ерекшеліктері бойынша және әртүрлі мақсаттарға арнайы жабдықталған, яғни, балаларға арналған ойын құралдары, құммен ойын алаңдары, жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын сырғанақтары орналастырылған.

Бөбекжай-балабақшасының шаруашылық алаңында: 2 қоқыс контейнері қойылған, қоқыс қалдықтарын шығару жұмыстарын ТОО «Эко Сервис Алматы

атқарады, дезинфекциялау ТОО «Дезинфекция», жылу жүйесі орталықтан жылынады су құбыры «Алматы су», жарықпен қамтамасыз ету үшін ЖШС «АлматыЭнергоСбыт» қамтамасыз етеді, барлық мекемелермен келісім шарт жасалған.

Бөбекжай-балабақшасы тәрбиеленушілері 11 топқа орналастырылған. Әр топтың қабылдау, жатын, ойын бөлмелері мен дәретханалары бар. 5 топ ғимараттың бірінші қабатында, 6 топ екінші қабатта орналасқан.

Бірінші қабатта басшы, әдістемелік, медициналық, есепші, шаруашылық меңгеруші кабинеттері, Робототехника, Зерттеу, Дене шынықтыру, психолог, логопед, мектепалды сыныбы, асхана, медбике бөлмесі, оқшаулау бөлмесі қабылдау бөлмесі және екі топ орналасқан. Қабылдау бөлмесінде қызметкерлерге электрондық көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің «Өзіне-өзі қызмет көрсету» EGOV бұрышы бар. Онда мектепке дейінгі ұйымдардағы бос орындарға мектеп жасына дейінгі балаларды кезекке қою, құжаттарды қабылдау, педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру сияқты мемлекеттік қызметтері көрсетіледі.

Екінші қабатта музыка бөлмесі және 6 топ орналасқан.

Бөбекжай-балабақшасы топтарында санитарлық – дезинфекциялық режимі сақталады. Жуу және дезинфекциялық заттар жеткілікті жағдайда. Әр топтағы жиһаздар балалардың жас ерекшеліктерінің параметрлеріне сәйкес жабдықталған. Бөлмелер жарық лампаларымен жабдықталған. Әр топта және әр бөлмеде жылу, жарық берілу режимдері қатаң сақталады. Бөбекжай-балабақшасы әкімшілігі тарапынан норматив бойынша әр топ ойыншықтармен, ойын және оқу құралдарымен, арнайы құрал жабдықтармен және ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілген. **(қосымша 4)**

Балалардың дұрыс тамақтануы үнемі бақылауға алынған. Перспективтік ас мәзірі жасалған. Оқшаулау бөлмесіндегі құрал-жабдықтар нормаға сай. Балалар 4 мезгіл тамақтанады. Нәрсу мен жеміс-жидек шырынын беру жүргізіліп тұрады. Жыл бойы «С» витамині үшінші тағамға қосылып беріледі. Ас мәзірі әзірленіп, тағам дайындауда норманың сақталуы тексеріледі. Балалардың балабақшаға келуі туралы, бракераждау, ауру түрлерін есепке алу, тез бұзылатын тағам өнімдерін тізімге алу журналдары үнемі жүргізіліп, әкімшілік тарапынан бақыланып отырады. Медбике балалардың тамақтануын ұйымдастыруды, келген азық – түліктің сапасын, оның сақталу мерзімі мен жағдайын, ас дайындау технологиясын, дайын тағамның сапасын бақылайды.

Тәрбиешілердің, тәрбиеші көмекшісінің, асхана қызметкерлерінің іс- әрекеті, асхананың, қойманың санитарлық жағдайы әкімшілік тарапынан, медбикемен қадағаланып отырады. Балалардың тамақтануы және сырқаттануы жайында сараптама жүргізіледі.

Әр топтың ойын және тамақтанатын бөлмелерінде, музыка залында, дене шынықтыру, дәліздерде, медбике бөлмесінде бір-бірден (рециркулятор) бар. залалсыздандыру жұмыстары топтарда, музыка залы мен басқа да бөлмелерде кестеге сай жүргізіледі. Әр топтардың және бөбекжай-балабақшасының жалпы санитарлық-гигиеналық жағдайы бақылауға алынып, тазалық талаптарының орындалуы қадағаланады.

Бөбекжай-балабақшасының медбикесі Касимова Г. Білімі арнаулы орта, еңбек өтілі 12ж осы мекемеде 0,08. Медициналық кабинетке медициналық қызметпен айналысуға Алматы қаласы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы 2010 жылғы 25 наурыз №39 бұйрығымен №0097170 лицензиясы берілген. Медициналық керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Бөбекжай-бақшасында тазалық-гигиеналық тәртіп сақтау жолы оң жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталып отырады. Жұқпалы аурулардың алдын алу және шынықтыру шаралары жоспарлы жүргізілуде. Аурудың алдын алу жұмыстары бөбекжай-бақшасы медбикесінің нұсқауымен жүргізіледі. Жыл мезгіліне қарай денсаулық күндері, спорттық сауықтар мен эстафеталық ойындар өткізіліп, іс-шаралар материалдары жинақталған

Медбике бөбекжай-балабақшасында сауықтыру-шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер беріп тұрады. Қызметкерлер медициналық бақылаудан қатаң түрде уақытылы өтіп тұрады, санэпидстанция мамандарының жұмысқа рұқсат мөрлері қойылған медициналық кітапшалары толықтай бар.

Бөбекжай-бақшасына балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөбекжай-бақшасындағы оқу тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар, мастер-класстар, коучингтер, іскерлік ойындар өткізіліп тұрады. Жас мамандарға менторингтер бекітіліп, жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізіледі. Жас мамандармен жоспар бойынша қараша айында Жас маман логопед Пернебай А. Абен Әния, А.Мухамади «Инклюзивті білім беру ерекшелігі» тақырыбында іскерлік ойын өткізді. Педагогтармен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары (коучинг, семинар, мастер-класс т.б шаралар ұйымдастырылып тұрады. Педагогтермен «Жаңартылған білім мазмұн аясындағы тиімді әдістер» тақырыбында коучинг өткізілді. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың басты шарты» тақырыбында коучинг өткізілді. «Мектепке дейінгі ұйымдарда робототехника мен құрастырудың тиімділігі» тақырыбында мастер класс өткізілді. «Кішкентай зерттеушілер» тақырыбында іскерлік ойын өткізілді. Музыка жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Балабақшада қолданылатын халық педагогикасының негізгі құралдары тақырыбында Мастер-класс өткізді. «Мектепке дейінгі ұйымдарда Робототехниканың тиімділігі» тақырыбында ата – аналармен бірлескен Республикалық деңгейде семинар өткізілді.

Бөбекжай-балабақшасы ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылған, сол жоспарға сәйкес жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда. Дәстүрлі ата-аналар жиналыстармен бірге, түрлі семинарлар, психологиялық тренингтер, мерекелік ертеңгіліктер,

ойын-сауық кештері, ашық есік күндері ұйымдастырылып отырылады. Ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыстар:

- ата-аналардың мәдени педагогикалық деңгейін көтеруге;
- отбасында балалардың психологиялық дамуына жағдай жасауға көмек көрсетуге;
- өзара түсіністік пен өзара сенімділікті қалыптастыруға;
- балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға ата-аналарды қатыстыруға бағытталған.

Жүргізілетін жұмыстар балаларды тәрбиелеу мен оқытуға, балалардың шығармашылығы мен өз бетінше әрекет дағдыларын қалыптастыруға, «педагог-бала-ата-ананың» бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған. Бөбекжай-балабақша кеңесінің шешімдерін орындауға, ұйымдастырылатын мерекелік ертеңгіліктерге, тағы да басқаларына ата-аналар белсене қатысады. Ата-аналар жиналысында дәстүрлі түрде балалардың жас ерекшеліктеріне сай физикалық және психикалық дамуы мен жаңа оқу жылына міндеттері талқыланды. Бөбекжай-балабақшасының арнаулы мамандары (психолог, логопед, медбике) ата-аналар жиналысына белсене қатысады.

Балабақша психологы жас ата-аналарға арналған әр түрлі іс-шаралар жүргізеді. Ата-аналармен бірігіп әртүрлі спорттық мерекелер, көрмелер, «Ашық есік» күндері ұйымдастырылып тұрады. Ата-аналарға кеңестер уақытылы және жоспарлы түрде беріліп отырады.

Ата-аналардың балалардың тамақтануына төлейтін ай сайынғы төлемақы мөлшері 24500 (жиырма төрт мың бесжүз) теңгені құрайды.

Бөбекжай-балабақшасы қажетті мамандармен қамтылған. Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау келісім шарт (Еңбек.kz) порталында ЕСУТД жүйесі арқылы жүргізіледі.

Бөбекжай-бақшасында барлығы 21 педагог жұмыс жасайды: меңгеруші, әдіскер, 12 тәрбиеші, 2 музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, 2 психолог, логопед, дефектолог. Соңғы 2 оқу жылындағы кадрлар туралы барлық мәліметтер: Педагогтер мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. (Штаттық кесте ** қосымша)

Бөбекжай-балабақшасының ағымдағы қызметі және жеке құрам бойынша бұйрықтар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бұйрықтарда Қазақстан Республикасы заңдары мен қаулылары, ҚР Еңбек Кодексінің баптары мен тармақ, тармақшалары негізге алынған. Бұйрықтар нөмірленген, тіркелген, қол қойылып, мөр басылған. Кіріс және шығыс құжаттары арнайы журналға толтырылған, іс құжаттарына сәйкес жүргізілген.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттар жинақталады.

1. Еңбек келісім шарты;
2. Жеке іс-қағазы;
3. Жұмысқа қабылдау өтініші;
4. Жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы,
5. Диплом көшірмесі;
6. Жеке куәлік көшірмесі;

7. Біліктілік арттыру сертификаттары
8. Сотталмағаны туралы анықтама.
9. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
10. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
11. Өмірбаяны

Барлық педагогтер мен жұмыскерлердің еңбек кітапшалары меңгерушіде, санитарлық кітапшалары медбикеде сақталады. Бөбекжай-бақшасының барлық қызметкерлерімен әр уақытта еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулығы, лауазымдық нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқау журналдарына тіркеліп отырады. Бөбекжай-бақшасының жұмыскерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және ұйымның ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылған.

Қызметкерлердің еңбек шартын, еңбек кітапшасын, біліктіліктерін көтеру курстарынан өту куәліктерін, біліктілік дәрежесін көтеру туралы куәлігін, бұйрықтарды тіркеу кітаптары бар.

(Штаттық кесте қосымша беріледі)

2) Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі); 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңінде жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;

-циклограммаға;

-тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Әр жылдың перспективалық жоспары, циклограмма құрылымы педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілген. Перспективалық жоспардың мақсаты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады.

«Балапан» (мектепалды тобы) бойынша апталық 2023-2024 оқу жылына жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды

«Ақбота» (мектепалды тобы) бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды

«Балдырған» (мектепалды тобы) бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды

Оқу іс - әрекетінің кестесі көрсетілген апталық жүктемеге сәйкес жасалады.

Бөбекжай-балабақшасының оқу- тәрбие процесінде педагогтер Воскобовичтің дамытушы ойындарын , дамытушы ойындарды, «STEM» білім беру жүйесі оның ішінде «Робототехника», «Lego конструктор», , «Жас

зерттеуші», «Марблс тастарын», «Таңбалы тастар», «Зайцев текшелерін пайдаланады». Бөбекжай-балабақшасында «Робототехника», «Зерттеу» кабинеті жабдықталған. Тәрбиеленушінің шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру барысында жұмыс жүргізіледі. Ұйымдастырылған іс әрекеттерде мультимедия, бейнематериалдар, аудиожазбалар, интербелсенді тақталар қолданылады.

2023-2024 оқу жылында Мектепке дейінгі ұйым қызметі Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі); 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңінде жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына-2,3 қосымшасына сәйкес құрылды. Әр топтың оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесінде жоғарыдағы бұйрықтарды негізге алып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып күні бойы балалардың физикалық,коммуникативтілік,танымдық және зияткерлік,әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру мақсатында күні бойы уақыт бөлінген. Мектепалды топтарында Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Мектепалды «Балапан» инварианттық бөлімі бойынша

Физикалық қасиеттерді дамыту - 108 сағат

Коммуникативті к дағдыларды дамыту- 252 сағат

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту-108 сағ

Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру -108 сағ

Әлеуметтік-эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру-72

Мектепалды «Балдырған» : инварианттық бөлімі бойынша

Физикалық қасиеттерді дамыту - 108 сағат

Коммуникативтік дағдыларды дамыту- 252 сағат

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту-108 сағ

Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру -108 сағ

Әлеуметтік-эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру-72сағ

Мектепалды «Ақбота» инварианттық бөлімі бойынша

Физикалық қасиеттерді дамыту - 108 сағат

Коммуникативтік дағдыларды дамыту- 252 сағат

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту-108 сағ

Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру -108 сағ

Әлеуметтік-эмоцианалды дағдыларды қалыптастыру-72

Ұйымдастырылған іс әрекеті балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоциональды дағдыларын қалыптастыру мақсатында күні бойы уақыт бөлінеді.

Арнайы ересек «Бәйшешек» тобы бойынша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар үшін логопед маманы арнайы түзетуші іс-әрекет жүргізеді

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша аптасына төрт рет арнайы логопед маманының жоспарымен өткізіледі қосымша көшірмесі беріледі.

2023-2024 оқу жылында Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасында ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптары перспективалық жоспардың міндеттеріне сәйкес келеді. Циклограмманы жоспарлау барысында ұйымдастырылған іс –әрекеттерін жоспарлау бөлімінде перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттеріне байланыстырып алған.

Физикалық қасиеттерін

дамыту, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік –эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды. Бөбекжай балабақшасында тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолданып іс әрекеттерін ұйымдастырды, Әрбір баланың әрекетін ұйымдастыру үшін заттық дамытушы ортаны орталықтарға бөліп қолжетімді етіп қолданды. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату импровизация, ырғақты музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс –әрекетке уақыт бөлінген.

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін педагогтер дәстүрлі сөздік, көрнекілік, практикалық, ойын және дәстүрден тыс шаттық шеңбері, психологиялық тренингтер, релаксация, галерея, бағдаршам, бес саусақ, сұрақ-жауап, әңгімелесу т.б әдістері қолданады. Оқу-тәрбие жұмыстарында интерактивті оқыту шараларын пайдаланып отырамыз. Балаларға арналған ресурстар мен дидактикалық құралдар жеткілікті. Дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды-рөлдік ойындары, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамыту жұмыстары жүргізіледі.

2023 – 2024 оқу жылдары аралығында «Танымдық зерттеу іс-әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамыту», «Бейнелеу өнерінің дәстүрлі емес әдістері арқылы балалардың шығармашылығын арттыру»; «Тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруда Воскобовичтің дамытушы ойындарын қолдану», Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту»; Инновациялық технологиялар арқылы балалардың бойында сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру. Робототехника технологиясын

қолдану арқылы балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін және жеке, топтық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Эксперимент жұмыстарын жүргізу арқылы баланы ғылыми, зерттеуге дағдыландыру. Даналық әліппесі инновациялық сөйлейтін қалам арқылы бала бойына халқымыздың даналығын дарыту, «Воскобовичтің» дамытушы ойындары арқылы баланың таным белсенділігін, сыни ойлауын, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру», «Халық ауыз-әдебиеті арқылы балаларды адамгершілікке тәрбиелеу» міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған. Аталған міндеттерді орындау үшін балабақшада тәрбие мен оқытудың озық тәжірибелерін зерделей отырып, әрбір баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастыру жолға қойылған.

Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау

Бөбекжай-балабақшасында психологиялық қызметті 2023 – 2024 оқу жылы аралығында педагог-психолог Смаилова Г.А. атқарады. Педагогика және психология ғылымдарының магистр дәрежесі, мамандығы педагог –психолог. Еңбек өтілі- 13жыл. Психологтың жылдық, айлық, апталық жұмыс жоспарлары құрылған. Білім берудегі психологиялық қызмет жұмысының мазмұны баланың әр жас ерекшелік кезеңінде толық жеке және интеллектуалдық жетілуін, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін дамытуын қамтамасыз ету қажеттілігімен, әр балаға жекелей ықпал етуді және осыған сәйкес балалардың психологиялық-педагогикалық жағын зерттеу ерекшеліктерін қамтамасыз ету маңыздылығымен анықталып жасалған.

Бөбекжай-балабақшасында баланың жас ерекшелігіне қарай баланың психикалық жетілуі үшін жағдай жасалған. Баланың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндіктері мен қабілетін дамытуға ықпал ету мақсатында жұмыс жүргізіледі.

Психологиялық қызметтің міндеті:

- диагностика жүргізуге және түзету жұмыстарын дамытуға, сондай-ақ балаларды әлеуметтік бейімдеу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- балаларға, тәрбиешілерге, ұжымға, ата-аналарға әртүрлі оңалту және кеңес беру көмек түрлерін көрсету.

Психопрофилактикалық жұмыста балалармен ересектермен және құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өз-өзін тәрбиелеу және т.б. мәселелері бойынша жеке жұмыстар жүргізілген. Сол сияқты балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында эмоция күнделігі жүргізіліп қорытындысы шығарылған. Балабақшаға толық бейімделмеген балалармен ары қарай қандай жұмыстар жүргізу керектігі туралы тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңестер берілген. Психодиагностикалық бағытта жұмыс жүйелі, уақытылы атқарылған.

Психопрофилактикалық жұмыс бойынша: Топтағы әрбір балаға психологиялық мінездеме берілген. Агрессияға бейім, гиперактивті балалардың тізімін алып, балалармен алдын-алу коррекциялық жұмыстары жүргізіліп отырылады. Коррекциялық дамыту жұмысының бағдарламасы бар, құрастырылған. Сондықтан әр оқу жылының басында жұмыс балалардың таным

процестерін зерттеуден басталады. Психологиялық тапсырмалар беріліп, логикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер өткізіледі. Балалардың таным процестерін анықтаған соң түзету (коррекциялық жұмыстары өткізіледі. Бұндай іс-шаралар балалардың өзара қарым-қатынасын дамыту, олардың жағымды мінез-құлықтарын арттыру, өз рухани байлығын молайту, ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту мақсатымен жүргізіледі.

Балабақшада балалардың тәрбиеленуіне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасалынған. Балалардың таным процестерінің даму деңгейі, бейімделуі, мектепке психологиялық әзірлігі, қабілеттері, мінезі, темпераменті зерттеліп, дамытылады. Түзету жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында 2023-2024 оқу жылынан бастап бөбекжай балабақшасы базасында сөйлеу бұзылыстарын жүйелі түзетуді қамтамасыз ететін логопедиялық пункт жұмыс жасайды.

Логопедтік пункт негізгі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жұмыс істейді.

Логопедиялық пунктiнiң негiзгi мiндеттерi:

-тәрбиеленушілердің сөйлеу дамуының бұзылуын уақтылы анықтау;

олардың деңгейі мен сипатын анықтау;

сөйлеудің қарапайым бұзылыстарын жою;

сөйлеу қабілеті бұзылған және дамуында ауытқулары бар балаларды ПМПК-ға жіберу;

МДҰ тәрбиеленушілерінің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) консультативтік-әдістемелік, ағартушылық қолдау көрсету.

Логопед пунктінде ауызша сөйлеу қабілеті бұзылған даярлық және ересек топтардан шыққан бала тіркелген. Оқу жылы ішінде логопедтік пунктте әртүрлі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді олар: ұйымдастырушылық, диагностикалық, түзету және профилактикалық. Логопед маман сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмысты бекітілген кесте бойынша жеке және шағын топтарда жүргізеді

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттерін іске

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие»бағдарламасын міндеттерін іске асыру мектепке дейінгі балалардың патриоттық сезімдерін,адамгершілік қасиеттерін, қазақ халқының салт-дәстүрлерін бала бойына сіңіру мақсатында әс шаралар ұйымдастырылды. Республика күніне орай «Республика күні» тақырыбында тақырыптық ұйымдастырылған іс ірекette, «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыптық ұйымдастырылған іс әрекеттер, Экологиялық білім беру негізінде «Кішкентай зерттеушілер» тақырыбында мектепалды «Ақбота» тобында зерттеу жұмыстар ұйымдастырылды, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары»тақырыбында тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, «Мақал – сөздің мәйегі», «Әжемнің ертегісі», «Шебер әке, қолөнер ана, еңбеккер бала» тақырыптарында байқаулар өткізілді.

4)МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдайды жақсарту мақсатында бөбекжай-балабақшасының материалдық базасын жетілдіру жұмыстары жоспарланған.

Мемлекеттік стандарт талаптары, өрт қауіпсіздік талаптарына, санитарлық нормативтерге сәйкес балабақша ғимаратының бірінші қабатында дене шынықтыру залы, меңгеруші, әдістемелік, шаруашылық меңгеруші, есепші кабинеттері, психолог, логопед, медбике кабинеті оқшаулау бөлмесімен, кір жуатын бөлме, ас даярлайтын бөлме, азық түлік сақтайтын қойма іс жүргізуші бөлмелері сонымен бірге 4 топ орналасқан. Екінші қабатында музыка бөлмесі және алты топ орналасқан. Әр топ балаларды қабылдау бөлмесі, ойын және үйі өткізетін, ұйқы бөлмесінен және жуынатын бөлме мен дәретханадан тұрады. Ойын, тамақтанатын, жатын және т.б. бөлмелер балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау, нығайту, оларды салауатты өмір салты заңдылықтарына бейімдеу, мектепте оқытуға қажетті дағдыларды меңгеруіне, зияткерлік, эмоционалдық дамуына, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламасын игеруіне жағдай жасайтындай жабдықталған. Бөлме жиһаздары балалардың жас ерекшелігіне, дене дамуына сай үйлесімді іріктелген. Жатын бөлмеде балаларға арналған төсектер мен төсек жабдықтары, қабылдау бөлмесіндегі киім ілетін шкафтар, ойын, оқу бөлмесіндегі үстел, орындықтар бала санына жеткілікті. Әр баланың үстел, орындықтары, төсектер мен төсек жабдықтары таңбаланған.

Топтар тәрбиешілердің күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетінде және балалардың бос уақыттарында пайдалануға арналған интерактивті тақтамен (2 топ және музыка залы, робототехника бөлмесінде), 4 проектор қамтамасыз етілген. Сонымен қатар арнайы аудио кітаптар мен мультфильмдер, ертегілер қоры жинақталған. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылған. Және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтармен жабдықталған. Балалардың өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға жағдай жасалған. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі әрі тартымды ұйымдастырылған. Топтарда дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, пазлдар, ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, сурет салуға арналған құралдар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер жинақталған. МАД «Ақбота» тобында балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға арналған зерттеу орталығының материалдары жинақталған. Бұл жерде балаларға арналған арнайы халаттар, үлкейткіш құралдар, тастардың түрлері, құм, топырақ, бояу түрлері, микроскоп, түрлі жәндіктердің макеттерімен толықтырылған. Бұл орталықта

балалар көбінесе ҰІӨ және бос уақыттарында эксперименттер жүргізуге мүмкіндік алады.

Топтарда сондай-ақ балалардың таным белсенділігін арттыруға және рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізуге арналған әр түрлі көлемдегі дамытушы дидактикалық ойыншықтар (мозаика, пазлдар, қима суреттер, суретті кубиктер, шашкилер, марблс тастары, дамытушы ойында), желілі-рөлді ойындарға керекті жабдықтар, қимылды ойынды ұйымдастыруға арналған атрибуттар, балалар ыдысы, Ірі ойыншықтар еденде, ұсақ ойыншықтар сөренің жоғарғы жағында баланың қолы жететіндей жерде орналасқан. Топтарда баланың жас ерекшелігіне қарай бөлме өсімдіктері оларды күтіп баптауға арналған құралдар бар. Және табиғат бұрышы мен кезекшілік бұрышы жасалып табиғи материалдар жинақталған (жаңғақ, кептірілген жапырақ, құм, тас т.б).

Әр топта денсаулық бұрышы жабдықталған, онда жалпақтабандылықтың алдын алуға және шынықтыруға арналған массажды жолақшалар мен т.б құралдар бар.

Әр оқу жылында барлық топтағы заттық-кеңістіктік дамытушы орта ойыншықтар, ойын материалдары және басқа да заттармен толықтырылып отырылады..

Дәліз, кабинеттер талапқа сай безендірілген.

Әдіскер кабинетінде оқу-әдістемелік әдебиет, құралдар, көрнекі құралдар қоры, әдістемелік нұсқаулықтар мен кітаптар қоры, балалар энциклопедиялары, үлестірмелі материалдар, сериалы көрнекіліктер топтамасы, электрондық оқу баспасының жиыны бар.

Логопед, психолог, кабинеттері бар. Мамандар кабинетте кесте бойынша жұмыс жүргізеді.

Логопед бөлмесі сөйлеу тілі және танымдық қабілеттерінің дамуы кешеуілдеген балаларды дамытуға, түзетуге арналған құрал жабдықтармен жабдықталған, атап айтқанда:

- Балаларды дамытуға арналған әдістемелік оқулықтар- ;
- Көмекші логопедиялық зондтар ;12
- Логопедиялық топтық ұйымдастырылған арналған қабырға айнасы -1;
- Логопедиялық шпател (спирт, мақта, палочка)- 1 жиынтық;
- Балалар үстелі -1;
- Балалар орындығы -4;
- Кілем -1;
- Дидактикалық материалдармен жабдықталған шкаф-1.

Логопед пунктінде бағдарлама бойынша дыбыстарды анық айта алмайды, 36 бала тіркелген оларға логопед маман тарапынан дыбыс қою жұмыстары жүргізіледі.

Психолог кабинеті балалардың физикалық және психологиялық денсаулықтарын қорғау мен эмоционалды-көңіл күйіне амандықтарына мүмкіндік туғызу және эффективті түрде дамуын қамтамасыз ету, психопрофилактикалық, психодиагностикалық, психокоррекциялық жұмыстар жүргізуі үшін материалдармен жабдықталған:

- Құрал-жабдықтар мен ойыншықтар, дидактикалық материалдарға арналған шкаф;1
- Құм терапиясына арналған үстел;1
- Жұмсақ пуфиктер;6
- Сенсорлы құрал-жабдықтар; 6

Кабинетте ойыншықтар, массажды құралдар, кітаптар, балалардың сурет салуына арналған құралдар, жаттығу жасау айнасы, қойылған. Мамандардың құжаттары істер номенклатурасында бекітілуі бойынша жинақталады.

Дене шынықтыру залы жабдықталған.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған гимнастикалық саты, гимнастикалық тақтай, секіруге арналған құралдар, лақтыруға және жерге соғуға арналған әр түрлі көлемдегі доптар, допқа арналған сөре, әр түрлі көлемде шығыршықтар, таяқшалар, өрмелеуге, тартылуға арналған арқандар, кегли, гантель, секіргіш доптар, жіптер, түрлі биіктікте еңбектеуге арналған доғалар, ұзын, қысқа түрлі түсті ленталар, step-тақтайша секіргіш, хоккей клюшкасы, жұмсақ модульдер бар.

Музыка залында интерактивті тақта, пианино, балалар музыка аспаптары, музыка орталығы, музыкалық шығарманы тыңдауға арналған суреттер, музыкалық-дидактикалық ойын түрлері жинақталған.

Ас даярлайтын бөлмеде арнайы құралдар электр пеші-2, электр духовка-1, электр еттартқыш-1, ыдыс жуатын ванна, нан салатын шкаф, тамақ тарататын үстел, шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы тексерістен өткен электронды таразы бар. Шикі етті, балықты бөлшектейтін, беті тот баспайтын үстелдер, тәуліктік сынама сақтайтын және сүт пен май, ет сақтайтын тоңазытқыш және тоңазытқыш шкаф қойылған. Асханада ыдыс-аяқтар жинағы толық және олардың әрқайсысына маркировка жасалынған, сақталу ережелері жүйеге келтірілген. Шикі және дайын өнімдерді бөлшектеуге арналған пышақтар, қатты ағаш тақтайлар және қолдануға рұқсат етілген ыдыстар жеткілікті. Ас дайындайтын бөлмеде ауа алмасу құрылғысы орнатылған. Өкелінген азық-түліктерге сапалық сертификаттары, ветеринарлық куәліктері дер кезінде алынады. Азық-түліктерді есепке алу және қолдану құжаттары уақтылы, толық жүргізіледі. Азық-түлік жеткізуші кәсіпкерлермен келісім-шарт жасалынған. Ас үй қызметкерлерінің жеке гигиеналық ережелерді қатаң ұстануына барлық жағдай жасалған.

Азық-түлік қоймасында тоңазытқыш шкаф, азық-түлік қоятын сөрелер, азық-түлікті салуға арналған ыдыстар бар. Қоймадағы азық-түліктердің сақталу деңгейі, мерзімі қатаң сақталады.

Балабақшаның ойын алаңының жағдайы.

Ойын алаңдарының шегі бөлінген. Әр алаңда құммен ойнауға жағдай жасалған, құмсалғышартың қақпақтары бар. Барлық топта беседкалары бар. Беседканың ішінде алынбалы үстелдер және бекітілген орындықтар бар. Ойын алаңында сырғанақ, құммен ойын алаңдары, балалардың бір уақыт отырып демалуына арналған орындықтар бар. Барлығы баланың денсаулығына зиянсыз таза ағаштан жасалған.

Балалардың дене жағынан дамуы мен денсаулығын нығайту үшін дене шынықтыру алаңы, қажетті құрал жабдықтармен жабдықталған. Ол жерде гимнастикалық бөрене, баскетбол шиті, турник, комплексі орналасқан.

Балабақшаның айналасы көгалдандырылған, гүл отырғызылатын гүлзарлар бар. Ойын алаңдары мен балабақша айналасында балалардың серуен бөлімінде бақылауына арналған өсімдіктер өсіріледі. Бұталы өсімдіктер, ағаштар, және басқа өсімдіктер бағдарламаға сәйкес отырғызылған. Жолдар асфальтпен жабылған, жолдары тегіс, жолда жүру ережесін үйренуі үшін және басқа ойындар ойнауы үшін түрлі бояулармен сурет салынған.

Балабақшада өрт қауіпсіздігіне байланысты іс-шаралар жүргізіледі. Барлық топтарда, музыка залы, коридордың екі жақ қанатында, от жағарда және ас бөлмесінде 2025 жылға дейінгі мерзімге жарамды 18 көбікті өртсөндіргіш құралдары бар. Бөбекжай-балабақшасының аумағында өрт сөндіруге арналған екі щит бар, әр щитте 1 шелек, 1 сүймен, 1 күрек, 1 балта, 1 құмы бар жәшік құрал жабдықтары бар.

Балабақша қазіргі заман талабына сай ақпараттық-техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған. 4 интерактивті тақта, 4 проектор, 8 компьютер, 2 ноутбук, 8 принтермен қамтамасыз етілген. 1 интернет желісі орнатылған. Бөбекжай-бақшасы интернет желісіне қосылған, жылдамдығы 20 Мб\с. Топтар интернет желісіне Wi-Fi арқылы қосылады.

Қолайлы қауіпсіз орта жағдай жасауда бөбекжай-бақшасында ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын, бейнедеректерді жазып, сақтайтын 64 бейнебақылау камералары орнатылған. Білім беру ұйымының ғимаратына кіруді бақылауды кезегімен 3 күзетші ұйымдастырады.

Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

Бөбекжай-бақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арнайы жағдайлар жасауда ғимаратқа кіру үшін пандус орнатылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала. балаға жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) психологиялық-медициналық педагогтік консультациясының тұжырымдама қорытындысы берілген. Балабақша логопеді мен психолог маман тарапынан осы балаларға берілген тұжырымдама қорытындысына сәйкес жеке түзете-дамыту бағдарламасы жасалып, психикалық таным процестерін жетілдіру, артикуляциялық жаттығулар жасату арқылы дұрыс тыныс алуын дамыту, сөздік қорын молайту т.б. түзету-дамыту жұмыстары кешенді жүргізілуде.

Инклюзивті білім беру бойынша 72 сағаттық біліктілікті арттыру курстарынан педагог өткен:

№	Аты-жөні, тегі (толық)	Лауазымы	Курстан өткен орны, уақыты
1	Жунусова Қарлыға Асанкуловна	Басшы	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамутушылық және әлеуметтік

			- бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы –30 желтоқсан, 2022ж Сертификат № 160640004283
2	Ташибаева Гульнар Жакияновна	Әдіскер	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
3	Смаилова Гүлзат Амирбековна	психолог	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
4	Жакипова Гульбану Тохтаровна	музыка жетекшісі	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Талар» АҚ Оқу - тренингтік орталығы – 2022ж
5	Кенешбаева Зауреш Токеновна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283

6	Тулеутаева Жулдыз Гарифоллиевна	дене шынықтыру нұсқаушысы	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
7	Тохтиева Жанат Жамалдиновна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
8	Абдыгаипова Гульнар Канатовна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
9	Закупова Гульзира Нургалиевна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
10	Нурсеитова Айжан Айтжановна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту

			академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
11	Дузкеева Сабираш Абжановна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
12	Нукушева Қазима Аралбаевна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
13	Пернебай Ақтолқын	Логопед	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
14	Әбен Әния	дефектолог	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
15	Қарғабай Әбен Әлиасқарұлы	музыка жетекшісі	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік

			- бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
16	Конселхан Мартбек	дене шынықтыру нұсқаушысы	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283
17	Керейбаева Динара Құдайбергенқызы	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім берудің түзете – дамушылық және әлеуметтік - бейімдеушілік бағыттылығы» -72 сағат Өткен орны: Халықаралық білім беруді дамыту академиясы – 30 желтоқсан,2022ж Сертификат № 160640004283

Инклюзивті білім беру бойынша педагогтердің жалпы санынан курстан өткен педагогтердің үлесі- 100% құрайды.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің үлесі

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан бастап 21 педагог жұмыс істейді.. Барлық тәрбиешілер мен педагог мамандар мамандықтары бойынша жұмыс істейді.

Барлық педагог-мамандар уақытылы кәсіби білімін жетілдіру курстары мен аттестаттаудан уақытылы өтеді. Әр оқу жылының жылдық жоспарында курстан өту және аттестаттаудан өту жоспары бекітілген. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне инновациялық, тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмектер көрсетіледі.

Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін балабақша қабырғасында қолданылған педагогтердің көп жылдық жан-жақты тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады, сондықтан да ол зерттеліп, әріптестердің

жұмыстарына енгізілуге ұсынылып отырылады. Педагогикалық ұжым аудан көлемінде ашық оқу қызметтерін, педагогикалық кеңес, бақылау мен басшылық, семинарларға қатысып, жаңа заманға сай қарқынды дамып, тәжірибе алмасуда.

Педагогтер ғаламтордағы әр түрлі ақпараттарды, өз әріптестерінің тәжірибелерін оқып өз білімдерін көтереді. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін жинақтау, зерттеу барысында тәрбиешілердің іс-тәжірибелері басылымдарға жарияланды.

Шығарылған авторлық бағдарламалар:

«Таңбалы тас ғажайыптары балалар әлемінде «Өркениет» ғылыми-әдістемелік орталығы 2021 жыл «14» мамыр балабақша меңгерушісі К.А.Жунусова

«Марблс тастары арқылы балалардың психологиялық ахуалын түзеу» Халықаралық білім мен ғылымды қолдау орталығы 2023 ж «13» ақпан Психолог Смаилова Г

«Робототехника балабақшада» тәрбиеші Тохтиева Ж

«Мультстудио» Балабақша меңгерушісі К.А.Жунусова, тәрбиеші Имангазиева А Бөбекжай-балабақшасының педагогтері аудан, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылатын іс-шараларда өздерінің тәжірибесімен бөлісуді жолға қойған. 2023 жылы Республикалық «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагог байқауында аудан көлемінде бас жүлдені, қалалық кезеңінде тәрбиеші Тохтиева Ж.Ж III-орынға ие болды **Айжан грамотасы керек**

2023-2024 оқу жылындағы педагогтердің сапалық құрамы.

№	Аты-жөні, тегі (толық)	Туған күні, айы, жылы	Білімі	Бітірген оқу орны (толық), жылы	Мамандығы	Лауазымы	Пед өтілі	Санаты
1	Жунусова Қарлыға Асанкуловна	17.06. 1975ж	Жоғары	1. Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік Халықаралық қатынаста Әлем тілдері университеті – 1999 ж. Диплом: ЖБ 0096078 2. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті – 2011ж Диплом: ЖБ - Б № 02Г5988	Орта мектептің ағылшын тілі мұғалімі Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу БАКАЛАВРЫ	Басшы	23,2	Бірінші санатты

2	Ташибаева Гульнар Жакияновна	27.07. 1963ж	Жоғары	1. Алматы мектеп жасына дейінгі пед. училище – 1983 ж. Диплом: ДТ № 269620 2. Қазақстанның көп салалы «ПАРАСАТ» институты - 2008ж. Диплом: ЖБ 0106203	Алматы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиешісі. Қазақ тілі мен әдебиеті біліктілігі және БАКАЛАВР академиялық дәрежесі	Әдіскер	40,1	Жоғары санатты әдіскер
3	Пернебай Ақтолқын	02.06. 2000ж	Жоғары	Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. университеті – 2020ж Диплом:ВД 00015711459	Дефектология білім БАКАЛАВРЫ	логопед	3,7	педагог модератор
4	Әбен Әния	17.03. 2000ж	Жоғары	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – 2021ж Диплом: ВД № 00017458517	5В010500 – Дефектология білім БАКАЛАВРЫ	Дефектолог	2ж	
5	Смаилова Гүлзат Амирбековна	24.09. 1984ж	Жоғары	Аймақтық әлеуметтік – инновациялық университеті – 2020ж Диплом: ЖООК – М № 0195210	Педагогика ғылымдарының МАГИСТРІ	Психолог	12ж	Педагог сарапшы
6	Жакипова Гульбану Тохтаровна	30.08. 1970ж	Жоғары	Жамбыл гуманитарлық - техникалық университеті -2013ж Диплом: ЖБ – Б №0614511 Қазақтың қыздар педагогтік институты -1995ж Диплом: ЖБ – II №0059817	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім БАКАЛАВРЫ Музыка мұғалімі	Музыка жетекшісі	29,3	педагог модератор
7	Қарғабай Әбен	26.09. 1971ж	Жоғары	Қаскелең мәдениет колледжі – 1996ж	Халық аспаптар оркестр жетекшісі	Музыка жетекшісі	2ж	

	Әлиасқарұлы			Диплом: Шымкент университеті Диплом: ВД № 00022400260	6B01402 – Музыкалық білім			
8	Конселхан Мартбек	12.03. 1988ж	Жоғары	Қазақтың Спорт және Туризм Академиясы- 2011ж Диплом: ЖБ – Б №0150580	Денешынықтыру және спорт білім БАКАЛАВРЫ	Дене шынықты ру нұсқаушы сы	10ж	
9	Тұлеутаева Жұлдыз Гарифоллиевна	26.10. 1984ж	Жоғары	Батыс қазақстан мемлекеттік университеті-2006 ж Диплом: ЖБ № 0106474	Жоғары кәсіби білімді денешынықтыру бойынша педагог	Дене шынықты ру нұсқаушы сы	16,10	Педагог зерттеуші
10	Кенешбаева Зауреш Токеновна	03.07 .1974ж	Жоғары	Семей мем. Пед. институты – 2005ж Диплом: ЖБ 0550350	Педагогика және бастауыш мектептегі оқыту әдістемесі. Бастауыш сынып мұғалімі	Тәрбиеші	25,9	Жоғары санат
11	Қыстықбаева Жадыра Бақытовна	22.08. 1986ж	Жоғары	Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті – 2008ж Диплом: ЖБ № 0033431	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі – 2008ж	Тәрбиеші	4,10	Педагог модератор
12	Тохтиева Жанат Жамалдиновна	27.08. 1974ж	Арнаулы орта	"ҚазНұр"гуманита рлық колледжі - 2013 ж Диплом: ТКБ № 0373666	Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі	Тәрбиеші	15ж	Екінші санат
13	Абдыгаипова Гульнар Канатовна	24.07. 1986ж	Арнаулы орта	Есік гуманитарлық - экономикалық колледжі – 2013ж Диплом: ТКБ № 0420232	Бастауыш білім мұғалімі	Тәрбиеші	9,8	Бірінші санат

14	Закупова Гульзира Нургалиевна	17.06. 1983ж	Арнаулы орта	№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжі – 2007ж Диплом: КОБ № 0214511	Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі	Тәрбиеші	15,2	педагог модератор
15	Нурсейтова Айжан Айтжановна	21.10. 1988ж	Жоғары	1. №1 Алматы қазақ педагогтік колледжі -2008ж Диплом: КОБ № 0214617 2. Шымкент университеті – 2021ж Диплом: ВД № 00019258400	Бастауыш сынып мұғалімі Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі және білім БАКАЛАВРЫ	Тәрбиеші	11,6	педагог модератор
16	Имангазиева Айжан Бахитжановна	17.04. 1991ж	Арнаулы орта	Есік гуманитарлық экономикалық колледжі – 2014ж Диплом: ТКБ № 0622165	Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі	Тәрбиеші		
17	Дузкеева Сабираш Абжановна	11.10. 1967ж	Арнаулы орта	Қызылорда гуманитарлық экономикалық колледжі -2017ж Диплом: ТКБ № 0680678	Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі	Тәрбиеші	6,1	Екінші санат
18	Керейбаева Динара Құдайбергенқы зы	13.06. 1980ж	Арнаулы орта	№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық педагогтік колледжі – 2015ж Диплом: ТКБ № 0730527	Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі	Тәрбиеші	8,1	педагог модератор
19	Нукушева Қазима Аралбаевна		Арнаулы орта	Каскелен педагогикалық училищесі – 1989ж Диплом: НТ – I 398989	Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші	Тәрбиеші	11 ж	Педагог - модератор
20	Жанұзақ Дариға Уланбекқызы		Жоғары	І.Жансүгіров атындағы мемлекеттік	Мектепке дейінгі тәрбие	Тәрбиеші	2ж	Педагог

				педагогикалық университет				
21	Искакова Жансауле Серикбайқызы		Арнаулы орта		Мектепке дейінгі тәрбие	Тәрбиеші	1 ж	Педагог

Біліктілік санаты бойынша (2 қосымша)

Оқу жылы	Пед сан ы	Жоғары санатты		Бірінші санаты		Екінші санаты		Педагог -модератор		Педагог сарапшы		Педагог зерттеуші		Санаты жоқ	
